Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<u>Дидактикалық ойын</u> «Тез ойла, көп ойла» Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру. Шарты: Берілген сөзге сөйлем құрастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	<u>Вариативтік компонент</u> «Биле, биле, балақай!» Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар» биі. Мақсаты: Түрлі бидегі қимылдарды ырғақты, мәнерлі билеуге үйрету Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерістерге сәйкес қимылдарды үйрету. <u>«Әуенмен бірге қимылда»</u> Музыканың сипатын бейнеленің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Қазақ халқының әндері мен	<u>Мақал-мәтел айту</u> «Мақал сөздің мәйегі» Мақсаты: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. (Қазақ халқының киім-кешегі). (Қазақ тілі *** , қарым-қатынас іс-әрекеті)	<u>Вариативтік компонент</u> «Қызықты логика әлемі» Тақырыбы: «Тақтайшалар». Мақсаты: Ағаш тақтайшалармен таныстыруды жалғастыру. (танымдық іс-әрекеті)	<u>Әңгімелеу</u> «Ауыл шаруашылығы» Мақсаты: Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру. (Қазақ тілі***, қарым-қатынас іс-

		би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.Ән айту (Музыка****, шығармашылық іс-әрекеті)			әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Мейрамбекті жарыс ойындарға көп қатыстыру (Физикалық іс-әрекет)	Исмадолламен сурет боцынша әңгіме құрауға үйрету. Сөздік қорын молайту. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Ибраһимді 1 ден 10 дейін кері және тура санату. Сандардын көршілерін атату. (Танымдық іс-әрекеті)	Інкәрсезімді қылқаламмен жұмыс жасауға үйрету. Таза, ұқыпты орындау керектігін үйрету. (Шығармашылық іс-әрекеті)	Айлинге жиындарды бөлуге және біріктіруге үйрету (Танымдық іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Мақсаты: Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету.Достарына көмектесу.Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету.Қатармен жұптасып жүруді ,қатарды бұзбауды үйрету.Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.(Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ моториканы дамыту) Көркем сөз: Топ ішіне киетін Ұл мен қыздың киімі, Таза киім киеміз Ұқыпты боп жүреміз.				
Серуен	1.Бақылау: Жәндіктердің түрлерін бақылау. Мақсаты: Жәндіктердің сан алуан түрлерімен,айырмашылықтар ары болатыны жөнінде түсініктерін ұғындыру. 2.Қимылдық ойын: «Сұр көжек жуынып жатыр». Мақсаты: қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру. (Дене шынықтыру**).	1.Бақылау: Күздің ауа-райының құбылысын бақылау. Мақсаты:Ауа-райын бақылауды жалғастыру. 2.Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан». Мақсаты: 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру. (Дене шынықтыру**).	1.Бақылау: Құмырсқаның илеуін бақылау. Мақсаты: Құмырсқаның илеуін бұзуға болмайтыны жөніндегі түсініктерін кеңейту. 2.Қимылдық ойын: «Күншуақ». Мақсаты: Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. (Дене шынықтыру**).	1.Бақылау: Желдің бағытын анықтау. Мақсаты: Жел қай бағытқа ауғанын анықтай білу.Бағдарлай білуге үйрету 2.Қимылдық ойын: «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен	1.Бақылау: Қарғаның ұшу бағытын бақылау. Мақсаты: Қарғаның қанаттарымен қай бағытқа ұшатынын бақылай білуді үйрету. 2.Қимылдық ойын: «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен

				жүру. (Дене шынықтыру**).	жүру. (Дене шынықтыру**).
Серуеннен оралу	Мақсаты: Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.Топта киегін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру.Балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.Ненің дұрыс немесе дұрыс емес ,жақсы немесе жаман екенін түсінуге жәнеажырата білуге үйрету.(дербесойынәрекеті). Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, киіміндегі олқылықты байқау және оны ересектердің көмегімен ретке келтіру.(өз-өзінеқызметету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ертегі оқу Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Заттардың,ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу,сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс -әрекеті)	Қимылды ойын Тақырыбы: «Көңілді жұптар» Мақсаты: Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. Шарты: қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. (Дене шынықтыру**.)	Дидактикалық ойын: «Кел жазайық» ойыны Мақсаты: Сөйлемді ауызша талдау:жай сөйлемдерді сөздерге бөлу,сөйлемдегі сөздердің ретін,санын анықтау,берілген сөзге сөйлем құрастыру. Шарты: Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Шығармашылық жұмыс Тақырыбы: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. (шығармашылық іс-әрекеті)	Шығармашылық жұмыс Тақырыбы: «Ою-өрнектер» Мақсаты: Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. (шығармашылық іс-әрекеті)
Балалардың үйгеқайтуы	Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру.				

Тексерілді 
Әдіскер: Нсанбаева С.М.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Қошақаным» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы ІҮ Апта, 23.10—27.10.23ж , 2023-2024 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 23.10.2023	Сейсенбі 24.10.2023	Сәрсенбі 25.10.2023	Бейсенбі 26.10.2023	Жұма 27.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңғы балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл-күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білдіру.				
	<u>Дидактикалық ойын:</u> «Жаңа құрылғылар» Мақсаты: Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Шарты: Көлік ,байланыс құралдарының түрлерімен таныстыру. (танымдық іс-әрекет)		<u>Әңгімелеу</u> Тақырыбы: "Менің болашақ мамандығым" Мақсаты: Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. (танымдық іс-әрекет)	<u>Ертегі оқу</u> Тақырыбы: «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі) Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	<u>Сергіту сәті</u> «Мені қуып жет» Жүру: сапта бір-бірден екеуден, үшеуден жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру. (Дене шынықтыру**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Ойнайық та, ойлайық» ата - аналарға үйде балалармен әр түрлі ойындарды бірігіп ойнап көңіл күйлерін көтеру көңіл бөлулерін ұсыну. Балалардың тазалықтарына көңіл бөліп, қадағалап отыру. Балабақшаға балалардың денсаулықтарын тексеріп ,жақсы көңіл күймен әкелу. Ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты арттыру туралы кеңестер айту. Демалыс күндеріне сәттілік				

	тілеу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<u>Шығармашылық жұмыс «Әдемі гүлдер»</u> Мақсаты: Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. (шығармашылық іс-әрекеті)		<u>Қимылдық ойын: «Аттама»</u> Мақсаты. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Шарты:Түзу бағытта жүру. (Дене шынықтыру**)	<u>Ертегі оқу</u> Тақырыбы:«Мақта қыз бен мысық» Мақсаты: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп ,сахналау , рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін , бейненің қимылын , интонациясы мен мимикасын беру қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	<u>Әңгімелеу «Менің балабақшам»</u> Мақсаты: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы,сұраулы ,лепті)ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы.қалып: Негізгі тұру, қол белде. Отыру,қолды алға созу Қайта оралу 6-8 рет қайталау. Бастапқы.қалып: Тігінен тұру, қолдары төмен 1-оң аяғын қолдарын жанына созу 2-оң қолын төмен түсіру, сол қолын жоғары көтеру. 3-қолдарын жанына созу 4-оң аяғын қойып, б.қ оралу 5-сол аяғын тура солай тапсырманы 4-брет қайталау. Бастапқы.қлып: Негізгі тұру, қол белде. 1-Оң аяғының ұшын алға созу 2-3 жанына оңға, қайта оралу. 4-6 рет (физикалық қасиеттерді дамыту).				

Таңғы ас	Мақсаты:Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті).Өз орнын тауып отыру,бір-біріне астың дәмді болуын тілеу.Таза және ұқыпты тамақтануды ,қасықты дұрыс ұстауды тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып,асықпай әбден шайнауды үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<u>Сергіту сәті</u> Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады. Достар бірге жүреміз, (қол ұстасып, айнала жүру) Бірге ойнаймыз, күлеміз. (бір-біріне қарап, күлу) Бірге балық аулаймыз, (қолдарын алға созу) Міне, біздер қандаймыз! (қолдарын жоғары созу) Бөлінбейді іргеміз, Әрқашанда біргеміз. (дене шыңықтыру**)		<u>Ертегі оқу</u> Тақырыбы:«Шалқан» ертегісі Мақсаты: Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну (қарым-қатынас іс-әрекеті)	<u>Ырғақтық қимылдар</u> Тақырыбы: «Әуенмен бірге қимылда» Мақсаты: Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуға үйрету. (Музыка****, шығармашылық іс-әрекет)	<u>Әңгімелеу</u> Тақырыбы: «Жеңіс күні». Мақсаты: Еңбек ардагерлерін,қарттарды құрметтеу,үлкенді сыйлау,олардың еңбегін бағалау (танымдық іс-әрекет)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Шенберге тұру; қол ұстасыпшенбер бойы жүруге, жүгіруге жаттықтыру; жүруді жүгірумен алмастыра жүру, Қолды түрлі қалыпта ұстап жүгіру (жоғары, алға, жан-жаққа созып, желкеде, белде)музыкаға сәйкес би элементтерін орындау. Орынынан ұзындыққа секіруді (80 см кем емес); 3-4м арақашықтан		1. Музыка Тақырыбы: «Музыкалық әткеншек» Мақсаты: Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға,шеңбер бойымен тұруға,жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту 1. Балаларды музыкамен қарсы алу.	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Сапқа, тізбекке тұру, бастаушыға қарап түзелу, орында жұптасып тұру; музыкаға сәйкес өкшеден аяқтың қшына ауса, қысқа адым және кең адыммен шашырап жүгіру; жұп болып би элементтерін	1. Математика негіздері Дидактикалық ойын Тақырыбы: «Өрнектер саламыз» Мақсаты: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. Нүктелерді,өрнекте

	дорбашыны тік нысанаға иықтан асырып он, сол қолымен лақтыруды үйрету. 2. Сөйлеуді дамыту Өлең оқу Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Алуан түрлі заттарды сипаттауға ,қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. 3. Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Күз айлары» Мақсаты: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. Нүктелерді, өрнектерді салуға ,тік және көлбеу таяқшаларды ,қисық және қиғаш сызықтарды		«Әткеншек» әні С.Рахимжанов Ән орындалады және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды. 2. Музыкалық-ырғақты қимыл: Қай кезде музыка тез ойнады? Қай кезде баяу ойнады? (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.) 2. Сөйлеуді дамыту Өлең оқу Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.	орындауға жаттықтыру. Етпетінен жатып, арқаға құм қапшықша қойып еңбектеуді (арақашықтығы 5-6м); 3-4м арақашықтан дорбашыны тік нысанаға иықтан асырып он, сол қолымен лақтыруды қайталау. 2. Сауат ашу негіздері Дидактикалық ойын: «Сөздерді бынға бөлеміз» Мақсаты: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, (грамматикалық анықтамасыз) сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. 3. Қазақ тілі Әңгімелеу Тақырыбы: «Ұлттық киімдер Мақсаты: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.	рді салуға ,тік және көлбеу таяқшаларды ,қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Шарты: Нүктелерді, өрнектерді салу. 2. Көркем әдебиет Ертегі оқу Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық» Мақсаты: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. (шығармашылық іс-әрекеті танымдық іс-
--	--	--	---	---	--

	дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Шарты: Айлар, жыл мезгілдері туралы айту. (танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру.) 4. Музыка Тақырыбы: «Музыкалық әткеншек» Мақсаты: Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту 1. Балаларды музыкамен қарсы алу. «Әткеншек» әні С.Рахимжанов Ән орындалады және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды. 2. Музыкалық-ырғақты қимыл: Қай кезде музыка тез ойнады? Қай кезде баяу ойнады? (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.)		3. Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Санап үйренейік» Мақсаты: Көрнекілік арқылы 7 санының пайда болуымен, 0 ден 7 дейінгі цифрмен таныстыру. Шарты: 0 ден 7 дейінгі цифрларды атау. 4. Қазақ тілі Әңгімелеу Тақырыбы: «Ұлттық киімдер Мақсаты: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. (Қазақ халқының киім-кешегі).	(Қазақ халқының киім-кешегі). 4. Қоршаған ортамен таныстыру Әңгімелеу Тақырыбы: «Менің күндерім Мақсаты: Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. (танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру.)	әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті,) 3. Құрастыру Тақырыбы: «Саңырауқұлақ» Мақсаты: Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда құрастыру. (шығармашылық іс-әрекеті танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті,) 4. Сауат ашу негіздері Өлең оқу. Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерің қалыптастыру.
--	--	--	---	---	---

	(шығармашылық іс - әрекеті)				
2- таңғы ас	Мақсаты: Тамақтану этикасын сақтау: ас құралдарын, майлықтарды қолдану, тамақ ішкеннен кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық қасиеттерді дамыту). Біз ересек баламыз, Айтқан тілді аламыз. Беті қолды жуамыз, Мұндаздай таза боламыз.				
Серуенге дайындық	Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа, сыртқы келбетіне назар аударып, дұрыс киінуге бақылауға дағдыландыру. (Еңбек әрекеті, ірі және ұсақ қол моториканы дамыту). Серуенге шыққанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.				
Серуен	1.Бақылау : Күзгі ағаштарды бақылау Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру, ағаштарға зерттеу жұмыстарын жүргізу. (қарым-қатынас, зерттеу іс-әрекеті) 2. Қимылды ойын: «Тез жинау» Мақсаты: Жылдамдыққа үйрету. (ойын, қозғалыс әрекеті) 3.Еңбек. Үлкендерге көмек көрсетеді, еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарайды. (еңбек іс-әрекеті) 4.Жеке жұмыс: Талғатқа математика негіздері бойынша Мақсаты: пішіндерді тануға және атай білуге үйрету. (танымдық іс-әрекеті) 5.Еркін ойын.	.	1.Бақылау : Топырақты бақылау Мақсаты: Топырақтың өлі табиғат мүшесі екендігі туралы түсініктерін молайту. Топырақтарды зерттеу. (танымдық, зерттеу іс –әрекеті) 2. Қимылды ойындар: «Көбелектер мен бақалар» Мақсаты: Жылдамдықпен жарыса ойнауды игеру. (ойын, қозғалыс әрекеті) 3.Еңбек: Құрғақ бұтақтарды жинап, қоқыс жәшігіне салу. (еңбек іс-әрекеті) 4.Жеке жұмыс: Фатимаға қоршаған ортамен танысу бойынша Ойын: «Батады, батпайды»	1.Бақылау : Жүк көліктерін бақылау . Мақсаты: Көліктерді ажырата біліге үйрету. (Танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті) 2. Қимылды ойындар: «Біз көңілді балалар» Мақсаты: Топқа бөлініп ойнауды қалыптастыру (ойын, қозғалыс әрекеті) 3. Еңбек: Ересектерде өз еңбегінің нәтижесіне деген құрмет сезімін қалыптастыруға көмектеседі. (еңбек іс-әрекеті) 4 Жеке жұмыс: Жанеркеге дене шынықтыру бойынша Мақсаты: Допты жоғары лақтыру және	1.Бақылау : Желді бақылау Мақсаты: Желдің күшін анықтауды үйрету. (танымдық, зерттеу іс –әрекеті) 2. Қимылды ойындар: «Белгіні тыңда» Мақсаты: Берілген команданы мұқият тыңдау (ойын, қозғалыс әрекеті) 3.Еңбек: гүлге су құйып, айналасын жинастыру. (еңбек іс-әрекеті) 4.Жеке жұмыс: Айзереге математика негіздері бойынша сандар айтқызу Мақсаты: ұзындығы бойынша ені

			Мақсаты: қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту. (зерттеу іс-әрекеті). 5.Еркін ойын.	екі қолымен қағып алу. (дене шынықтыру**) 5.Еркін ойын.	бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. (танымдық іс-әрекеті) 5.Еркін ойын.
	Еркін ойындар: Дене шынықтыру құрал-жабдықтарын, атрибуттарды спорттық және қимылдық ойындарға пайдалануға жаттықтыру.				
Серуеннен оралу	Мақсаты: балаларға заттарын тазалауға, үлкен адамның көмегімен тазалауға, кептіру, ілу дағдыларын қалыптастыру. (Өз-өзіне қызмет ету дағдылары) Көркем сөз Киімімізді шешейік , Ілгішке оны ілейік Бүктеп ,реттеп жинайық, Ұқыпты бала болайық. (Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)				
Түскі ас	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бағалауды дамыту.Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.Қол орамалды пайдалану. (Мәдени -гигиеналық дағдылар)		Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды,қабылдап . Алдында ішер тамақтың, Қолынды жу сабындап. (Мәдени -гигиеналық дағдылар)	Үстел басында ас қасық пен шәй қасықты,майлықты дұрыс қолдануға дағдыландыру.Тамақтану кезінде сөйлеспеу,алғыс айту (Мәдени-гигиеналық дағдылар)	Нан тамақтың атасы Ынтымақ көптің батасы Тістеп нанның қадірін Тарыққанда білерсің Тамақты төкпей ішуге дағдыландыру (Мәдени-гигиеналық дағдылар)
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін,сырмаларын өздігінше ағыту.Киімдерін ұқыпты сөреге іліп қоюды үйрету.Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өз-өзіне қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка қою,аудио таспадан әуенмен ертегілер оқып беру. (Музыка****)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ояну гимнастикасы «Біз ояндық (саусақ гимнастикасының элементтерімен)Өз орындарында отырып керілу,тыныстау жаттығуларын жасату. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып,қарапайым шараларды өз бетінше жүргізу арқылы сумен шайыну.Дене бітімін қалыптастырып өкшемен жүру. (физикалық қасиеттерді дамыту). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну.Түймелерін қадау,сырмаларын сыру аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.Қыз балалардың шаштарын тарауға өруге үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ моториканы дамыту). Гигиеналық Шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.Қолдарын жуу,құрғатып сүрту,сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени гигиеналық дағдылар)				

Бесін ас	Тамақтану: Үстел басында дұрыс отыруға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу. Отырамыз тамаққа Орындықты жақындат. Оң қолға ал қасықты, Түзу ұста арқаны Тауысып іш тамақты, Ас- адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Әңгімелеу Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Сөйлемді ауызша талдау:жай сөйлемдерді сөздерге бөлу,сөйлемдегі сөздердің ретін,санын анықтау,берілген сөзге сөйлем құрастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Вариативтік компонент: «Биле, биле, балақай!» Тақырыбы: «Саңырауқұлартар» биі. мақсаты: Балалардың қимылдарын арттырып, тез,әдемі орындауын қадағалау.Би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына қарай би қимылын шығару.	Ертегі оқу Тақырыбы: «Шалқан» Мақсаты: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. (Қазақ тілі *** ,қарым-қатынас іс-әрекеті)	Вариативтік компонент «Қызықты логика әлемі» Тақырыбы: «Менің түрлі – түсті пішіндерім» Мақсаты: түрлі – түсті бөлшектерден пішіндер құрастыру. (танымдық іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын: «Сөйлеп үйренейік» Мақсаты: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша (хабарлы) сөйлемдерді ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Шарты: Интонациясы бойынша (хабарлы) сөйлемдерді ажырату. (Қазақ тілі***, қарым-қатынас іс-шығармашылық іс әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Лейлаға спорттық жаттығуларға белсенділік танытуын қалыптастыру (Физикалық қасиеттері)	Аялаға жұмбақтар жасыру арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Асылымға апта күндерін қайталату (Танымдық іс-әрекеті)	Томириске жаңа реңктер шығаруға үйрету. Шығармашылық қабілеттерің ояту (Шығармашылық іс-әрекеті)	Айсана мен Айзереге санату. Кері. тура (Танымдық іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Мақсаты: Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету.Достарына көмектесу.Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету.Қатармен жұптасып жүруді ,қатарды бұзбауды үйрету.Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.(Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

	Көркем сөз: Топ ішіне киетін Ұл мен қыздың киімі, Таза киім киеміз Ұқыпты боп жүреміз.				
Серуен	1.Бақылау: Жәндіктердің түрлерін бақылау. Мақсаты: Жәндіктердің сан алуан түрлерімен, айырмашылықтары болатыны жөнінде түсініктерін ұғындыру. 2.Қимылды ойын: Сұр көжек жуынып жатыр. Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту (Дене шынықтыру**, физикалық қасиеттерді дамыту).		1.Бақылау: Құмырсқаның илеуін бақылау. Мақсаты: Құмырсқаның илеуін бұзуға болмайтыны жөніндегі түсініктерін кеңейту. 2.Қимылды ойын: Күншуақ. Мақсаты: балаларға жақсы көңіл – күй сыйлау. Сауықтыру жаттығуларын қызыға жасау (Дене шынықтыру**, физикалық қасиеттерді дамыту).	1.Бақылау: Желдің бағытын анықтау. Мақсаты: Жел қай бағытқа ауғанын анықтай білу. Бағдарлай білуге үйрету 2.Қимылды ойын: Торғайлар мен мысық. Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу (Дене шынықтыру**, физикалық қасиеттерді дамыту).	1.Бақылау: Қарғаның ұшу бағытын бақылау. Мақсаты: Қарғаның қанаттарымен қай бағытқа ұшатынын бақылай білуді үйрету. 2.Қимылды ойын: Торғайлар мен мысық. Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу (Дене шынықтыру**, физикалық қасиеттерді дамыту).
Серуеннен оралу	Мақсаты: Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. Балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің дұрыс немесе дұрыс емес, жақсы немесе жаман екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. (дербес ойын әрекеті). Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, киіміндегі олқылықты байқау және оны ересектердің көмегімен ретке келтіру. (өз-өзіне қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	Өлең оқу Тақырыбы: «Күз кереметтері» Мақсаты: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып,		Дидактикалық ойын Тақырыбы: «Дыбыстық талдау» Мақсаты: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге	Шығармашылық жұмыс Тақырыбы: «Тәтті тоқаш» Мақсаты: Қайшы мен желімді дұрыс	Дидактикалық ойын: «Дәмді бауырсақ» Мақсаты: Заттардың пішіндеріне, бөліктердің

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)		бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру. Шарты: Сөйлемді ауызша талдау (қарым-қатынас іс-әрекеті)	қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. (шығармашылық іс-әрекеті)	салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Шарты: бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру (шығармашылық іс-әрекеті)
Балалардың үйге қайтуы	Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру.				

Тәрбиеші: Хайрушева Г.Д.

Тексерілді 
Әдіскер: Нсанбаева С.М.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : №19 «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Балбұлақ» №2 мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы I Апта, 30.10-3.11.23ж, 2023-2024 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 30.10.2023	Сейсенбі 31.10.2023	Сәрсенбі 1.11.2023	Бейсенбі 2.11.2023	Жұма 3.11.2023
------------	------------------------	------------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------

Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңғы балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл-күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білдіру.				
	Әңгімелесу Тақырыбы: «Құстар әлемі» Мақсаты: Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. (танымдық іс-әрекет)	Дидактикалық ойын: «Менің отбасым» Мақсаты: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға үйрету. Шарты: Әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Әңгімелесу Тақырыбы: «Ауламызды таза ұстайық» Мақсаты: Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. (танымдық іс-әрекет)	Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге үйрету. Алуан түрлі заттарды сипаттауға қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды қалыптастыру. Шарты: Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Қимылдық ойын: «Кім тез жүгіреді?» Мақсаты: Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіруге үйрету. Шарты: жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіруге үйрету. (Дене шынықтыру**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Ойнайық та, ойлайық» ата - аналарға үйде балалармен әр түрлі ойындарды бірігіп ойнап көңіл күйлерін көтеру көңіл бөлулерін ұсыну. Балалардың тазалықтарына көңіл бөліп, қадағалап отыру. Балабақшаға балалардың денсаулықтарын тексеріп, жақсы көңіл күймен әкелу. Ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты арттыру туралы кеңестер айту. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.				
Балалардың	Шығармашылық жұмыс	Дидактикалық ойын:	Қимылды ойын:	Өлең оқу	Дидактикалық

дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы: «Кеме» Мақсаты: Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. шығармашылық іс-әрекеті	«8 саны» Мақсаты: Көрнекілік арқылы 8 санының пайда болуымен 0 ден 8 дейінгі цифрмен таныстыру. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. Шарты: 0 ден 8 дейінгі цифрларды айту. танымдық іс-әрекет , шығармашылық іс-әрекеті	«Шынықсаң шымыр, боларсың» Мақсаты: Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. Шарты: Аяққа арналған жаттығулар жасау. (Дене шынықтыру**)	Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға үйрету. қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	ойын: «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Шарты: Сын есімдерді зат есімдермен үйлестіру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы.қалып: Аяқтар алшақ, қолдары белде 1-Қолдарын жандарына созу. 2-Қолдарын жоғарыға созу, аяқтың ұшына тұру. 3-Қолдарын жандарына созу. 4-Бастапқы.қалыпқа оралу 4-6рет қайталау Бастапқы.қалып: Аяқтары алшақ, қолдары шүйдесінде. 1-Денелерін оңға бұру, қолдарын созу. 2-Қайта оралу 3-Келесі жаққа 6-рет қайталау. Бастапқы.қалып: Аяқтары алшақ, қол төменде. 1-Қолдарын жандарына созу. 2-Қолдарын оң және сол аяқтарының ұшына тігізу. 3-Тік тұру, қолдарын жандарына созу. 4-Бастапқы.қалып: оралу 6-8 рет қайталау. (физикалық қасиеттерді дамыту).				
Таңғы ас	Мақсаты:Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналықдағдылар, өзіне өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті).Өз орнын тауып отыру,бір-біріне астың дәмді болуын тілеу.Таза және ұқыпты тамақтануды ,қасықты дұрыс ұстауды тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып,асықпай әбден шайнауды үйрету.				
Ұйымдастыры	Сергіту сәті	Әңгімелесу	Ертегі оқу	Музыкалық-	Сергіту сәті

лған іс-әрекетке дайындық	Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар . Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар. Мақсаты: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету. (танымдық іс-әрекет)	Тақырыбы: «Төрт түлік» Мақсаты. Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен толықтыру. (Қазақ тілі***, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Тақырыбы :«Не дәмді?» Мақсаты: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	ырғақтық қимылдар:«Қара жорға» биі Мақсаты: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін ұғындыру. (Музыка****, шығармашылық іс-әрекет)	Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар . Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар. Мақсаты: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету. (танымдық іс-әрекет)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Мақсаты: Екі шенберге түру. Бір орында тұрып жан-жаққа секіре бұрылу. Баяу журу, теріс қарап алға қарай жүріді жүрумен алмастыру, педагогтің тапсырмасын орындай жүру. Бір-біріне қақтығаспай, бірінің артынан бірі жұптасып, «жыланша» ирелендеп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстінде аралары	Дене шынықтыру Мақсаты: Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүруге және жүгіруге үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Музыка ырғағына сәйкес және жеңіл жүгнруге жаттықтыру. Арқан баспалдақпен бір тәсілмен өрмелеуді үйрету; Алға қарай бір аяқтан екінші аяққа ауысып отырып секіруді дамыту (3-4м	Музыка Тақырыбы: «Ақырын қатты» Мақсаты: Тембрлік есту қабілеттерін дамыту. 1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. Балаларға бір түсті бірақ әр түрлі реңктегі карточка жаймалары	Дене шынықтыру Мақсаты: Бір- бірден бір қатар сапта тұру. Бірінші, екінші есептеу. Сапта аяқтың ұшымен бум, кедір – бұдыр (массаждық) жерлермен жүру; 10-15м жарыса жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен әр қадам сайын допты алдынан қолдан – қолға ауыстыра	Сауат ашу негіздері Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр» Мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуге

	екі адымнан құм толтырған доптардан аттап жүруды; алға қарай бір аяқтан екінші аяққа аусып отырып секіруды (3-4м арақашықтық) үйрету. Сөйлеуді дамыту Әңгімелеу Тақырыбы: «Отбасының күзгі еңбегі» Мақсаты: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Ойыншықтарды ,заттарды,сюжеттік суреттер,табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,сын есімдер мен үстеулерді қолдану Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Мақсаты: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа ұғымдарын бекіту.	арақашықтық). Сауат ашу негіздері Дидактикалық ойын: «Жазуға үйренейік» Мақсаты: Геометриялық фигуралардың ,көгеністер,жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру,бояу.Әртүрлі бағыттағы тігінен ,көлденең ,қысқа,ұзын ,толқынды ,ирек сызықтарды ,нүктелерді,тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап ,алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Шарты: үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазу Көркем әдебиет Өлең оқу Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» А.Мәдіхат Мақсаты: Шешендікке,сөз өнеріне баулу,санамақ,жаңылтпаш айту,жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу,онда рөлді,сюжетті таңдауда бастамашылық пен	беріледі. Балаларға: Көгілдір – ақырын музыка, қара көк – қатты музыка, көк – орташа. Әрі қарай музыка жетекшісі әнді ақырын, қатты жіне орташа орындайды. Балалар музыканы тыңдай отырып қолдарындағы фишкаларымен карточкаларды жабады. 2. Музыкалық-ырғақты қимыл: Яғни оңға, солға бұлауға болады. 3.Ән айту .Алтын күз әні Т.Кулинова Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату. Жалаушалармен жаттығу. 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иірту. 3.Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. 4. Жалаушаны ұстап жүру.	жүруды; допты қос қолмен жоғары лақтырып, қайта қағып алып, алға жүруды (арақашықтығы 4-5м) үйрету.Тепе-тендік және ептілік дағдыларын дамыту. Сауат ашу негіздері Дидактикалық ойын: «Кім ұқыпты жазады?» Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тігінен ,көлденең ,қысқа,ұзын ,толқынды ,ирек сызықтарды ,нүктелерді,тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап ,алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Шарты: үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазу Қазақ тілі Әңгімелеу Тақырыбы: «Тұрмыстық заттарды ата»	үйрету.Қолды жазуға дайындау.Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.Жазу парағында бағдарлай білу,жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Шарты:Қолды жазуға дайындау Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Ретімен орналастыр» Мақсаты: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шарты:Заттарды ретімен орналастыру. Көркем әдебиет Өлең оқу
--	---	--	--	--	---

	Шарты: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) (танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру.) Музыка Тақырыбы: «Менің балапандарым қайда?» Мақсаты: Дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған. 1.Көңілді музыкамен залға кіреді. Музыкалық жетекші ойнауды ұсынады да әңгімесін бастайды: Бір аулада балапандарымен тауық , үйрек, қаз өмір сүріпті, ал ауланың сыртындағы ұяда құс балапандарымен тұрыпты. Бірде қатты жел соғып, жаңбыр жауды да, барлығы тығылып қалды. Ең бірінші болып өз балапандарын үйрек шақырады (суретті көрсетеді): 2. Ән айту. «Менің балапандарым, сүйкімді балақандарым қайды? Кря, кря!» (бірінші октаваның рес дыбысы бойынша ән салады).	дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға , түрлендіруге мүмкіндік беру. Қоршаған ортамен таныстыру. Әңгімелеу Тақырыбы: «Әдептілік әліппесі» Мақсаты: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету. (қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті , дене шынықтыру.)	Сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын: «Кім шапшаң» Мақсаты: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Шарты: г-ғ, к-қ, ж-ш, дыбыстарды дұрыс, анық айту Математика негіздері Әңгімелеу Тақырыбы: «Тәулік бөліктері» Мақсаты: Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауға үйрету. Қазақ тілі Дидактикалық ойын: «Сиқырлы әріптер мен сөздер әлемінде» Мақсаты: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс	Мақсаты: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, мал өсіруде қажетті құрал-жабдықтардың атауын атай білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Әңгімелеу Тақырыбы: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. (танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру.)	Тақырыбы: «Күз жомарт» Е.Өтетіле уұлы Мақсаты: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға үйрету. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін , бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. (Қарым-қатынас іс әрекеті, танымдық, , шығармашылық іс-әрекеті) Сурет салу Шығармашылық жұмыс Тақырыбы: «Күзгі көрініс» Мақсаты: Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру,
--	--	--	---	--	---

	Карточкаларында үйректің балапандарының суреті салынған балалар оларды көтеріп, былай деп жауап береді: «Кря – кря, біз мұндамыз» (екінші октаваның ля дыбысы бойынша ән салады). Музыкалық жетекші былай деп жалғастырады: «үйрек өз балапандарын тапқанына қатты қуанады (карточкаларды жинап алады). Барлық құстар өз балаларын тауып алғанша ойын жалғасады. 3. Музыка тыңдау. «Домбыра дыбысын » тыңдау		алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға үйрету. Шарты: сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтау		қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. (Қарым-қатынас іс әрекеті, танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)
2- таңғы ас	Мақсаты: Тамақтану этикасын сақтау: ас құралдарын, майлықтарды қолдану, тамақ ішкеннен кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық қасиеттерді дамыту). Біз ересек баламыз, Айтқан тілді аламыз. Беті қолды жуамыз, Мұндаздай таза боламыз.				
Серуенге дайындық	Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа, сыртқы келбетіне назар аударып, дұрыс киінуге бақылауға дағдыландыру. (Еңбекәрекеті, ірі және ұсақ қолмоториканы дамыту.) Серуенгешыққанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.				
Серуен	1.Бақылау : Күзгі ағаштарды бақылау Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру, ағаштарға зерттеу жұмыстарын жүргізу. (Қарым-қатынас , зерттеу іс-әрекеті)	1.Бақылау : Күзгі жапырақтарды бақылау Мақсаты: Жапырақ туралы толық мағұлмат беру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) 2. Қимылды ойындар: «Көпірдегі лақтар»	1.Бақылау : Топырақты бақылау Мақсаты: Топырақтың өлі табиғат мүшесі екендігі туралы түсініктерін молайту. Топырақтарды зерттеу. (танымдық, зерттеу іс	1.Бақылау : Жүк көліктерін бақылау . Мақсаты: Көліктерді ажырата біліге үйрету. (Танымдық, Қарым-қатынас іс-әрекеті) 2. Қимылды ойындар: «Біз көңілді	1.Бақылау : Желді бақылау Мақсаты: Желдің күшін анықтауды үйрету. (танымдық, зерттеу іс – әрекеті)

	2. Қимылды ойын: «Тез жинау» Мақсаты: Жылдамдыққа үйрету. (ойын, қозғалыс әрекеті) 3.Еңбек. Үлкендерге көмек көрсетеді, еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарайды. (еңбек қызметі) 4.Жеке жұмыс:математика негіздері бойынша Мақсаты:пішіндерді тануға және атай білуге үйрету. (танымдық іс-әрекеті) 5.Еркін ойын.	Мақсаты: Рөлдерге бөлініп ойнауды үйрену (ойын, қозғалыс әрекеті) 3.Еңбек: ойын алаңына апаратын жолды сыпыру. (еңбек қызметі) 4.Жеке жұмыс:дене шынықтыру бойынша Мақсаты: Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу. (физикалық қасиеті) 5.Еркін ойын.	–әрекетін дамыту) 2. Қимылды ойындар: «Көбелектер мен бақалар» Мақсаты: Жылдамдықпен жарыса ойнауды игеру. (ойын, қозғалыс іс-әрекеті) 3.Еңбек:Құрғақ бұтақтарды жинап, қоқыс жәшігіне салу. (еңбек қызметі) 4.Жеке жұмыс:қоршаған ортамен танысу бойынша Ойын: «Батады,батпайды» Мақсаты: қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, зерттеу іс-әрекеті). 5.Еркін ойын.	балалар» Мақсаты: Топқа бөлініп ойнауды қалыптастыру (ойын, қозғалыс іс-әрекеті) 3. Еңбек: Ересектерде өз еңбегінің нәтижесіне деген құрмет сезімін қалыптастыруға көмектеседі. (еңбек қызметі) 4 Жеке жұмыс: Дене шынықтыру бойынша Мақсаты: Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу. (физикалық қасиет) 5.Еркін ойын.	2. Қимылды ойындар: «Белгіні тыңда» Мақсаты: Берілген команданы мұқият тыңдау (ойын, қозғалыс әрекеті) 3.Еңбек: гүлге су құйып, айналасын жинастыру. (еңбек қызметі) 4.Жеке жұмыс:математика негіздері бойынша Мақсаты: ұзындығы бойынша ені бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. (танымдық іс-әрекеті) 5.Еркін ойын.
	Еркін ойындар: Дене шынықтыру құрал-жабдықтарын, атрибуттарды спорттық және қимылдық ойындарға пайдалануға жаттықтыру.				
Серуеннен оралу	Мақсаты:балаларғазаттарынтазалауға, үлкенадамныңкөмегіментазалауға, кептіру, ілудағдыларынқалыптастыру. (Өз-өзіне қызмет ету дағдылары) Көркем сөз Киімімізді шешейік , Ілгішке оны ілейік Бүктеп ,реттеп жинайық,				

	Ұқыпты бала болайық. (Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)				
Түскі ас	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бағалауды дамыту.Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.Қол орамалды пайдалану. (Мәдени гигиеналық дағдылар)	Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)	Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды,қабылдап . Алдында ішер тамақтың, Қолынды жу сабындап. (Мәдени гигиеналық дағдылар)	Үстел басында ас қасық пен шәй қасықты,майлықты дұрыс қолдануға дағдыландыру.Тамақтану кезінде сөйлеспеу,алғыс айту (Мәдени-гигиеналық дағдылар)	Нан тамақтың атасы Ынтымақ көптің батасы Тістеп нанның қадірін Тарыққанда білерсің .Тамақты төкпей ішуге дағдыландыру (Мәдени-гигиеналық дағдылар)
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін,сырмаларын өздігінше ағыту.Киімдерін ұқыпты сөреге іліп қоюды үйрету.Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өз-өзіне қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ қол моторикасындамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка қою,аудио таспадан әуенмен ертегілер оқып беру (Музыка****)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ояну гимнастикасы «Біз ояндық (саусақ гимнастикасының элементтерімен)Өз орындарында отырып керілу,тыныстау жаттығуларын жасату. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып,қарапайым шараларды өз бетінше жүргізу арқылы сумен шайыну.Дене бітімін қалыптастырып өкшемен жүру. (физикалық қасиеттерді дамыту). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну.Түймелерін қадау,сырмаларын сыру аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.Қыз балалардың шаштарын тарауға өруге үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ моториканы дамыту) Гигиеналық Шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.Қолдарын жуу,күрғатып сүрту,сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени гигиеналық дағдылар)				
Бесін ас	Тамақтану: Үстел басында дұрыс отыруға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу. Отырамыз тамаққа Орындықты жақындат. Оң қолға ал қасықты, Түзу ұста арқаны Тауысып іш тамақты, Ас- адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Дидактикалық ойын «Жазып үйренейік» Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.Жазу парағында бағдарлай білу,жазу жолы мен жоларалық кеңістікті	Вариативтік компонент: «Биле, биле, балақай!» (хореография) Тақырыбы: «Вальс» Мақсаты:	Дидактикалық дамыту «Қуыр-қуыр,қуырмаш» Мақсаты: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді,	Вариативтік компонент «Қызықты логика әлемінде» Тақырыбы: Гүл» Мақсаты: тақтайшалардан	Әңгімелеу «Отбасылық мерекелер» Мақсаты: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	ажырата білуге үйрету. Шарты: жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балаларға «Вальс» биінің негізгі қимылдарымен таныстыру. «Музыкалық ырғақты жаттығулар» Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. (Музыка****, шығармашылық іс-әрекеті)	интонациясы бойынша сөйлемдерді (сұраулы) сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Шарты: Сөздерді жіктеу, тәуелдеу. (Қазақ тілі *** ,қарым-қатынас іс-әрекеті)	гүл құрастыру (танымдық іс-әрекеті)	жеткізуге үйрету. Қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. (Қазақ тілі***, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Інжуға әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруді үйрету. Белсенді болуын қалыптастыру (физикалық іс әрекет)	Асылжанға дыбыстарды анық айтқызуға жаттығулар жасау, суреттен сөйлеу құрауға үйрету (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Алинұрмен кеңістікті бағдарлауын пысықтау. (Танымдық іс-әрекеті)	Юсуфпен музыка жанрларын ажыратуға үйрету (Шығармашылық іс-әрекеті)	Ахмад пен Райянға апта күндерін қайталату. (Танымдық іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Мақсаты: Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету. Қатармен жұптасып жүруді , қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Көркем сөз: Топ ішіне киетін Ұл мен қыздың киімі, Таза киім киеміз Ұқышты боп жүреміз.				
Серуен	1.Бақылау: Жәндіктердің түрлерін бақылау. Мақсаты: Жәндіктердің сан алуан түрлерімен, айырмашылықтары болатыны жөнінде түсініктерін ұғындыру.	1.Бақылау: Күздің ауа- райының құбылысын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылауды жалғастыру. 2.Қимылдық ойын: Мысық пен тышқан. Мақсаты:	1.Бақылау: Құмырсқаның илеуін бақылау. Мақсаты: Құмырсқаның илеуін бұзуға болмайтыны жөніндегі түсініктерін кеңейту.	1.Бақылау: Желдің бағытын анықтау. Мақсаты: Жел қай бағытқа ауғанын анықтай білу. Бағдарлай білуге үйрету	1.Бақылау: Қарғаның ұшу бағытын бақылау. Мақсаты: Қарғаның қанаттарымен қай бағытқа ұшатынын бақылай білуді үйрету.

